


«Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ
 Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы
 «Темір ауданының білім бөлімі» ММ
 «Зере» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

«Бекітемін»

«Зере» бөбекжай -
 балабақшасының меңгерушісі
 У. Кузенбаева



«Келісемін»

Ақтөбе облыстық әдістемелік
 орталығының директоры
 Д. Жаманбаева



**«Жасыл балабақша» пилоттық жоба
 БАҒДАРЛАМАСЫ**

Күтілетін нәтиже	- тәрбиеленушілер табиғатқа жауапкершілік танытып, оны қорғауға үйренеді; - балалардың бойында экологиялық ойлау, оған қызығушылық; - өсімдіктерді күту, баптау, қосымса қасиеттерін сипаттаумен мәдениетті; - экологиялық мәдениет арқылы; - алынған ортаны тазартып, жауапкершілік ережелерін сақтайды.
Іске асыру мерізімі	1 кезең Аймақтық жоспарлау (сәуір-маусым 2025ж. жартыжылдан 2025ж.) 2 кезең Ұйымдастыру (сәуір 2026ж.-сәуір 2027ж.) 3 кезең Қорытынды жиналған 2027ж.)

« Жасыл балабақша »
Пилоттық жобасының ақпараттық құрылымы

Пилоттық жобаның негіздемесі	
Пилоттық жобаның өту нысаны	Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Кеңкияқауылы, МКҚК «Зере» бөбекжай-балабақшасы.
Пилоттық жобаны құрастырушы	«Зере» бөбекжай - балабақшасының меңгерушісі У. Кузенбаева
Пилоттық жобаның мақсаты	Балаларды табиғатты сүйге, қорғауға, оған қамқор болуға баулу.
Міндеттері	- балабақша аумағында экологиялық ортаны дамыту; - балалардың ізденіс-зерттеушілік дағдыларын, табиғатқа деген жауапты көзқарас пен әдеттерін қалыптастыру; - ата-аналарды экологиялық тәрбие жұмысына тарта отырып, тәрбиеші мен ата-аналар арасында экологиялық мәдениетті нығайту; - балабақша ауласында экологиялық аймақ (бақша, гүлзар, жылыжай) ұйымдастыру.
Күтілетін нәтиже	- тәрбиеленушілер табиғатқа жанашырлық танытып, оны қорғауға үйренеді; - балалардың бойында экологоиялық ойлау, сана қалыптасады; - өсімдіктерді күту, баптау, қоқыс қалдықтарын сұрыптауды меңгереді; - экологиялық мәдениет артады; - қоршаған ортаны таниды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды.
Іске асыру мерзімі	1 кезең. Аймақтық жоспарлау (қыркүйек 2025ж.-желтоқсан 2025ж.) 2 кезең. Ұйымдастыру (қаңтар 2026ж.-сәуір 2027ж.) 3 кезең. Қорытынды (мамыр 2027ж.)

Түсінік хат

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі педагогикада балаларға экологиялық тәрбие беруге ерекше мән берілуде. Экологиялық түсініктерді қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі – балалардың табиғаттағы заттар мен құбылыстарды тікелей бақылауы. Сондықтан тәрбиеленушілердің танымын кеңейтетін өсімдіктер мен жануарларды бақылауға, табиғатпен байланыс орнатуға, ал педагогтерге толыққанды экологиялық білім беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беру қажет. Экологиялық тәрбиені мектепке дейінгі жастан бастау қажет, осы кезеңінде бала табиғат туралы эмоционалды әсер алады, өмірдің әртүрлі нысандары туралы түсініктерді жинақтайды, яғни экологиялық ойлаудың, сананың негіздері қалыптасады, экологиялық мәдениеттің бастапқы элементтерінің негізі қаланады.

Мектепке дейінгі жаста баланың табиғатқа деген көзқарасын одан әрі айқындауға, оған жанашырлық танытуға және өзекті экологиялық мәселелердің көпшілігін шешуде белсенді әрекет етуге көмектесетін экологиялық ұстанымдар қалыптасады. Бала бойына тәрбиені сіңіре отырып, өзіне жақын адамдардан білім алады және дамиды, табиғатқа жанашырлық танытуды үйренеді, не істеуге болатынын және не істеуге болмайтынын түсіне бастайды.

«Жасыл балабақша» пилоттық жобасы арқылы балабақша тәрбиеленушілеріне 7 бағыт бойынша экологиялық тәрбие беріледі. Көптеген іс-шаралар ұйымдастырылады. Оның ішінде: өсімдіктерге күтім жасау, жарық пен су көздерін үнемдеу, табиғаттың ластануын болдырмау, қалдықтарды сұрыптау; балалардың жасаған жұмыстарын жарнамалау, дұрыс тамақтануға тәрбиелеу, салауатты өмір салтын ұстану дағдылары.

Жоба шеңберінде балалар тек білім алып қана қоймай, өз қолдарымен табиғат бұрышын құрып, өсімдіктерді күту, тазалық сақтау, қайта өңдеуге болатын материалдармен жұмыс жасау сияқты пайдалы тәжірибелер арқылы экологиялық мәдениетті меңгереді.

Бағдарлама өзектілігі: Қазіргі заман талабына сай мектепке дейінгі педагогикада балаларға экологиялық тәрбие беруге ерекше мән берілуде. Экологиялық түсініктерді қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі – балалардың табиғаттағы заттар мен құбылыстарды тікелей бақылауы. Сондықтан тәрбиеленушілердің танымын кеңейтетін өсімдіктер мен жануарларды бақылауға, табиғатпен байланыс орнатуға, ал педагогтерге толыққанды экологиялық білім беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беру қажет. Экологиялық тәрбиені мектепке дейінгі жастан бастау қажет, осы кезеңінде бала табиғат туралы эмоционалды әсер алады, өмірдің әртүрлі нысандары туралы

түсініктерді жинақтайды, яғни экологиялық ойлаудың, сананың негіздері қалыптасады, экологиялық мәдениеттің бастапқы элементтерінің негізі қаланады.

Мақсаты: Балаларды табиғатты сүйеге, қорғауға, оған қамқор болуға баулу.

Міндеттері:

- балабақша аумағында экологиялық ортаны дамыту;
- балалардың ізденіс - зерттеушілік дағдыларын, табиғатқа деген жауапты көзқарас пен әдеттерін қалыптастыру;
- ата-аналарды экологиялық тәрбие жұмысына тарта отырып, тәрбиеші мен ата-аналар арасында экологиялық мәдениетті нығайту;
- балабақша ауласында экологиялық аймақ (бақша, гүлзар, жылыжай) ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже:

- тәрбиеленушілер табиғатқа жанашырлық танытып, оны қорғауға үйренеді;
- балалардың бойында экологоиялық ойлау, сана қалыптасады;
- өсімдіктерді күту, баптау, қоқыс қалдықтарын сұрыптауды меңгереді;
- экологиялық мәдениет артады;
- қоршаған ортаны таниды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

№	Мерімі	Жауаптылар
1	Мерімі	Менгеруші
2	Мерімі	Менгеруші
3	Мерімі	Менгеруші
4	Мерімі	Менгеруші
5	Мерімі	Менгеруші

«Жасыл балабақша» пилоттық жобасын іске асырудың моделі



«Жасыл балабақша» пилоттық жобасының орындалу кезеңдері

1 КЕЗЕҢ. Аймақтық жоспарлау
(қыркүйек 2025ж.-желтоқсан 2025ж.)

№	Іс- шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Жасыл балабақша» пилоттық жобасын іске асыру бойынша қамқоршы кеңес мүшелерімен бірлесе отырып қаржы көздерін қарастыру.	қыркүйек, қазан айлары 2025жыл	Меңгеруші
2	Пилоттық жобасына қатысатын педагог қызметкерлерді түрлі семинар, шебер сыныптарға жіберу.	Қараша, желтоқсан айлары 2025жыл	Меңгеруші
3	Пилоттық жобаның бағыттары бойынша жоспар құру және бекіту.	қазан айы 2025жыл	Меңгеруші, жауапты педагогтер
4	Балабақша бойынша ата-аналармен бірлесе отырып, пилоттық жоба жоспарынқашықтықтан таныстырып, кері байланыс жасау.	қараша айы 2025жыл	Меңгеруші, жауапты педагогтер
5	Балабақша ұжымы мен тәрбиешілер және ата-аналармен «ЭКОӘЛЕМ» жобасы бойынша жұмыс жүргізу.	желтоқсан айы 2025жыл	Меңгеруші

2 КЕЗЕҢ. Ұйымдастыру
(қаңтар 2026ж.-сәуір 2026ж.)

№	Іс- шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«ЭКОӘЛЕМ» бұрышытары, топ бөлмесіндегі табиғат бұрыштары мен жасыл балабақша бұрышын жасау.	Қаңтар 2026жыл	Педагогтер
2	Балабақшада экологиялық тәрбие беру жұмыстары.	Ақпан 2026жыл	Педагогтер
3	« Ата-ана, тәрбиеші, бала » бірлескен « Жасыл балабақша » жобаларды жүзеге асыру.	Наурыз 2026жыл	Меңгеруші, жауапты педагогтер
4	«Жер -біздің ортақ үйіміз!» экологиялық акция	Сәуір 2026 жыл	Тәрбиеші, ата-аналар, әдіскер

3 КЕЗЕҢ.

Қорытынды (мамыр 2027 ж.)

№	Іс- шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Жасыл балабақша» пилоттық жобаның жұмыс нәтижелерін жинақтау.	мамыр	Меңгеруші
2	Үздік нәтижелі жұмыстармен тәжірибелерді тарату. Әдістемелік жұмыстар барысын қарау, талдау ұсыныстар әзірлеу. Семинар өткізу.	мамыр	Меңгеруші
3	Қорытынды мониторинг жүргізу.	мамыр	Меңгеруші

**Пилоттық жобаны іске асыруда педагогтермен
жүргізілетін іс-шаралар жоспары**

№	Іс-шаралар тақырыбы	Өткізу мерзімі	Өткізу форматы	Жауаптылар
1	«Қыста, құстарды тамақтандырайық» (жемсауыт жасау)	Қаңтар 2026жыл	Челлендж	Балабақша тәрбиеленушілері әкелер мектебі, балалар
2	Топтарда табиғат бұрышы байқауын өткізу.	Ақпан 2026 жыл	Байқау	Тәрбиешілер, әдіскер
3	«Болашақ балабақшасы» отбасылық жобасы	Наурыз 2026жыл	« Ашық есік » күнін ұйымдастыру	Тәрбиешілер, ата-аналар
4	« Табиғатқа камқорлық жасаймыз! »	Сәуір 4апта 2026 жыл	Сенбілік жасау	Тәрбиешілер, ата-аналар, шаруашылық меңгерушісі, балалар
5	Ағаш және бұта көшеттерін отырғызу. Гүлзарларға гүлдер отырғызу. Бау бақшаға көкөністердің дайын өскіндерін отырғызу	Мамыр 4апта 2026жыл	Көшеттерді отырғызуға ата-ана көмектеседі	Балабақша тәрбиешілері, балалар
6	Жаз мезгілінде экологиялық - дамытушы ортаны ұйымдастыру және пайдалану.	Маусым 2026жыл	Балалар мен ересектердің бірлескен іс-әрекетінің шағын жобалары топтарында жұмыс.	Тәрбиешілер, балалар
7	Балалардың, ата-аналар мен тәрбиешілердің «Эко патруль» экологиялық іс-шаралар кешенін өткізу	Шілде 2026жыл	Байқау	Психолог Тәрбиешілер мен балалар
8	Бау бақша өнімдерін, көкөністерді жинау.	Тамыз 2026жыл	Жүргізілген жұмыстарды жинақтап альбом жасау,	Тәрбиешілер

			инстаграм сайтына салу.	
9	Тәрбиешілердің, мамандардың экологиялық жобаларды жобалауы.	Қыркүйек 2026жыл	зертханалық жұмысы	STEM кабинетінде Тәрбиешілер мен балалар
10	“Табиғаттың көңіл - күйі”.	Қазан 1апта 2026жыл	Далада күннің шығуы мен бұлт қозғалысын бақылау, жел бағытын лента арқылы байқау.	Музыка жетекшісі, Тәрбиешілер мен балалар
11	“Күзгі сиқыр: табиғаттан туынды жасаймыз” - Балаларды күзгі табиғаттың сұлулығын байқауға, жиналған табиғи материалдардан (жапырақ, гүл, жаңғақ, бұтақ, шөп) гербарий және экибана жасауға үйрету; шығармашылық қабілеттерін, талғамын, эстетикалық сезімін дамыту; табиғатты аялауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Қазан 4 апта 2026жыл	Көрме ұйымдастыру	Тәрбиешілер мен балалар, ата-аналар
12	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар»	Қараша 1апта 2026жыл	Жәрмеңке өткізу.	«Күз сыйлары» көрмесінің тұсаукесері
13	“Таза әлем өз қолымызда!” - Балалардың экологиялық ойлауын дамыту, қоршаған ортаны таза ұстауға, қоқысты сұрыптауға, қайта өндеудің маңызын түсінуге тәрбиелеу.	Қараша 2026жыл	Челлендж	Тәрбиешілер мен балалар
14	Туған өлкенін	Желтоқсан	Өлеңдер	Тәрбиешілер мен

	экожүйесі.	2026жыл	жұмбақтар, мақал- мәтелдер, нақыл сөздер жаттату.	балалар,ата- аналар
15	“Эко-саяхат: мұнайдың ізімен” - Балаларды мұнайдың табиғи байлық екенін түсінуге, оның адам өміріндегі маңызын ұғынуға, табиғатты ұқыпты пайдалануға және экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.	Қаңтар 2027жыл	Ауылымызда орналасқан Мұнай-кен орындарының мұражайына саяхат.	Тәрбиешілер мен ересек топтар
16	“Қоқыс емес – пайдалы зат!” - Балаларды тұрмыстық қалдықтарды ажыратып, сұрыптауға үйрету, табиғатты қорғауға баулу, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Ақпан 2027жыл	Көрме ұйымдастыру	Тәрбиешілер мен ата-аналар
17	“Табиғаттың тілі бар”	Наурыз 2027жыл	«Кім күшті?» ертегісін сахналау	Музыка жетекшісі, Психолог Тәрбиешілер
18	“ЭКОӘЛЕМ – қауіпсіз әлем” .	Сәуір 2027жыл	Балаларды табиғатта қауіпсіз жүріп - тұру ережелерін сақтауға үйрету	Тәрбиешілер мен балалар

Пайдаланған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. «Жасыл технология элементтері» - ҚР БҒМ ұсынған әдістемелік құралдар жинағы;
2. «Мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие беру» - О. Ерешева;
3. «Экологиялық тәрбие» - Ә. Жұмаділдаева, Ж. Нысанбаева;
4. «Балабақша экологиялық тәрбие беру әдістері» - Б. Қ. Құрманалиева.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты».
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» .
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы».
4. 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты.